

Пешков ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы № 61 "Пешков селолық округінің Большой селосының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Қостанай облысы Федоров ауданы Пешков ауылдық округінің 2014 жылғы 28 мамырдағы № 21 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2014 жылғы 17 маусымда № 4846 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне ономастика мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 21 қаңтардағы Заңына сәйкес, Пешков ауылдық округінің әкімі **ШЕШІМ Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** :

1. Пешков ауылдық округі әкімінің 2008 жылғы 20 қарашадағы № 61 "Пешков селолық округінің Большой селосының құрамдас бөліктеріне атау беру туралы" шешіміне (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9-20-130 тіркелген, 2009 жылғы 29 қаңтарда "Федоровские новости" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген шешімнің кіріспесі жаңа редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының әкімшілік–аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабына сәйкес, Большой селосы тұрғындарының пікірін ескере отырып Пешков ауылдық округінің әкімі **Ш Е Ш І М Қ А Б Ы Л Д А Д Ы** : " ;

шешімнің мемлекеттік тілдегі тақырыбында және бүкіл мәтін бойынша "селолық", "селосының", "селосы" деген сөздер тиісінше "ауылдық", "ауылының", "ауылы" деген сөздермен ауыстырылсын ;

көрсетілген шешімнің қосымшасында мемлекеттік тілдегі бүкіл мәтін бойынша "селосының", "селолық" деген сөздер тиісінше "ауылының", "ауылдық" деген сөздермен ауыстырылып өзгерістер енгізілсін;

орыс тіліндегі мәтін өзгертілмейді.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Пешков ауылдық округінің әкімі

Ә. Ержанов